"Меркі ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне
Мекен-жайы: Казахстан, ж. Мерке, көш. АЗИМБЕК ИСМАИЛОВ, үй 210, ресм.
Басшысы: Тұрсыналы Тоғжан Тұрсыналықызына

«JASTAR» дамыту орталығы» жастар қоғамдық бірлестігінен
Адрес: Жамбылская область, Жамбылский район, с.Аса, САКЕН СЕЙФУЛЛИН, 27
БСН/ЖСН: 170440026605
Төраға: Муратбаев Каныбек Жарылқасынұлынан

№16339781-1 конкурсының №85445236-ГСЗ1 лоты бойынша:

"Нығмет нұры" ҚБ өтінімі бойынша келесідей кемшіліктер орын алған:

1) Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында бекітілген Әлеуетті өнім берушілер ұсынған техникалық ерекшеліктерді бағалау өлшемшарттарының 21-қосымшаның 1-тармағына сәйкес;

"Нығмет нұры" ҚБ ұсынған жобаның тапсырыс берушінің техникалық сипаттамасының талаптарына келесі бөлімдерді қоса алғанда сәйкес келмейді:

1) Әлеуетті өнім берушімен ұсынылған жобаның тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігіндегі талаптарына сәйкестігі – Өтінімде мүлдем жазылмаған.

2) Мәселенің сипаттамасы (зерттеу, статистикалық және аналитикалық ақпаратты талдау және т.б. анықталған объективті деректермен негізделген) – мәселені зерттеу барысында актуалды статистикалық мәліметтерді қолбанбаған. 2019 жылдың статистикалық мәліметтерін алып көрсеткен. Ал бұл лот 2026 жылда өткізілейін деп жатыр. Бұл қазіргі таңда осы тақырыпты зерттеуді актуалды емес зерттеу болып табылады.

3) Жобаның мақсаттары мен міндеттері – **Өтінімде мақсаты жазылған, бірақ Өнім берушінің өтінімінде "Жобаның міндеттері" бөлімі бағалау өлшемшарттарына сәйкес келмейді. Атап айтқанда, мақсатқа қол жеткізудің логикалық кезеңдері (дайындық, негізгі жұмыс, бағалау кезеңдері) сипатталмаған. Өнім беруші Техникалық ерекшеліктегі талаптарды механикалық түрде көшірумен шектелген, бұл жобаны іске**

асырудың авторлық және жүйелі жоспары жоқтығын дәлелдейді. Әрбір кезеңнің орындалу тетіктері мен уақытша шеңберлері көрсетілмеген.

4) Салым, процесс, қысқа және ұзақ мерзімді нәтижелер көрсеткіштерін қоса алғанда, сандық және сапалық көрсеткіштердің болуы -

- **Терминологияны шатастыру: "Салым" (Input) бөлімінде ресурс орнына "іс-шаралар" көрсетілген.**
- **Процесс индикаторының жоқтығы: Жұмыстың сапасын бақылаудың орнына бюджетті игеру және жоспар бекіту сияқты техникалық жұмыстар жазылған.**
- **Нәтижелердің сипатталмауы: Қысқа және ұзақ мерзімді нәтижелер ретінде әлеуметтік оң өзгерістер емес, Тапсырыс берушіге "есеп беру" және "іс-шараларды өткізу саны" көрсетілген. Бұл — жобаның әлеуметтік тиімділігін бағалауға мүмкіндік бермейді.**
- **SMART талаптарының сақталмауы: Бірде-бір индикаторда нақты сапалық өлшем (пайыздық көрсеткіш, сауалнама нәтижесі, салыстырмалы талдау) жоқ.**

Осыған орай, әлеуетті жеткізушінің ұсынылған жобасы тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігі бөлімдерінің барлық талаптарын қамтымайды (сәйкес келмеген жағдайда, әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға жіберілмейді):

Және жоғарыдағы Әлеуетті өнім беруші өз өтінімінде жіберген қателіктерді ескере отырып,_**Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының** *461 тармағы бойынша* Конкурстық өтінімдері осы Қағидалардың 460-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген өлшемшарттардың бірі бойынша 0 (нөл) балл жинаған әлеуетті өнім берушілер жиналған баллдардың жалпы санына қарамастан, конкурсқа қатысуға жіберілмеуі және **№85445236-ГС31** *лоты бойынша* техникалық ерекшелікке сәйкес емес деп танылып, **6** баллдың орнына **0 балл** берілуі және **конкурстан шеттетілуі керек.**

Конкурстық құжаттамаға
21-қосымша

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурсқа қатысуға әлеуетті өнім берушілер ұсынған өтінімдерді бағалау өлшемшарттары

№	Бағалау өлшемшарттары	Балл	Баллдарды таратып жазу
1	Әлеуетті өнім беруші ұсынатын жобаның келесі бөлімдерді қоса алғанда, Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігінің талаптарына сәйкестігі: Мәселенің сипаттамасы (зерттеу, статистикалық және аналитикалық ақпаратты талдау арқылы анықталған объективті деректермен негізделген); Жобаның мақсаттары мен міндеттері; Жобаны іске асыру әдістері; Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізу бойынша іс-шаралардың егжей-тегжейлі жоспары (іс-шаралардың атауы мен нысандары, өткізу орны мен мерзімдері); Бенефициарларды қамту, жобаны ақпараттық сүйемелдеу; Күтілетін нәтижелер (жобаны іске асыру процесінде қол жеткізілетін оң өзгерістер, әлеуметтік әсер); Сандық және сапалық индикаторлардың, оның ішінде салым, процесс индикаторларының, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді нәтижелердің болуы.	0	ұсынылатын әлеуетті өнім берушінің жобасы Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігінің бөлімдерінің барлық талаптарын қамтымайды (сәйкес келмеген жағдайда әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға жіберілмейді)
		6	ұсынылатын әлеуетті өнім берушінің жобасы Тапсырыс берушінің техникалық сипаттамасы бөлімдерінің барлық талаптарын қамтиды

№16339781-1 конкурсының №85445236-ГС31 лоты бойынша конкурс комиссия нәтижесінің хаттамасына наразылық:

Конкурс комиссиясының нәтижесі бойынша:

1) – Бағалау нәтижесі бойынша «*Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы»* атты өлшемшарты бойынша «JASTAR» дамыту орталығы» жастар қоғамдық бірлестігіне 4 балл қойылған. «Әлеуетті өнім берушінің әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды іске асыру саласында сегіз жылдан астам жұмыс тәжірибесі» - осындай өлшемшарт болған жағдайда ғана балл қойылу қажет. Алайда, «JASTAR» дамыту орталығы» жастар қоғамдық бірлестігінің сатып алынатын қызметтердің мәніне, мақсатына сәйкес келетін ұқсас қызметтер нарығындағы жұмыс тәжірибесі 4 жылдан астам уақытты құрайды.

Осыған орай, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында бекітілген Әлеуетті өнім берушілер ұсынған техникалық ерекшеліктерді бағалау өлшемшарттарының 21-қосымшасының 4-тармағына сәйкес *Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы (бір өлшемшарт ғана таңдап алынады) критерийіндегі* **«Әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын қызметтердің мәніне, мақсатына сәйкес келетін ұқсас қызметтер көрсету нарығындағы екі жылдан астам және бес жылды қоса алғанға дейінгі жұмыс тәжірибесі»** бойынша **6 балл** аламыз. Және жұмыс тәжірибесі бойынша 6 баллға сәйкестігімізді конкурстық құжаттамада жұмыс тәжірибесін растаушы құжаттар көрсетілген қызметтердің актілері мен счет-фактураларының электрондық көшірмелерін өткізу арқылы растадық.

2) – Бағалау нәтижесі бойынша «Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың** еңбек өтілі мен біліктілігі (Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандарттарына (ҚР Қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы № 19 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандартына сәйкес (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 тамызда № 17314 болып тіркелген)» атты өлшемшарты бойынша «JASTAR» дамыту

орталығы» жастар қоғамдық бірлестігіне 2 балл қойылған. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 11-бап, 1-тармағы және «Мемлекеттік сатып алу қағидаларының» 78, 465-тармақтары бойынша әлеуетті өнім беруші еңбек ресурстары бойынша барлық тараптары орындалса, 4 балл қойылу қажет.
Ал біздің мамандардың барлық құжаттары толық салынып, дипломдармен дәлелденген. Сондықтанда, бұл критерий бойынша 2 балл орнына, 4 балл қойылуы қажет.

«JASTAR» дамыту орталығы» жастар қоғамдық бірлестігі **№85445157-ГС31 лотының** комиссия нәтижесі шығарып берген жалпы 26 балл жинап жеңімпаз атанатынымызды хабарлаймын. Себебі Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 467 тармағы, 3-тарауына *(егер әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысу өтінімдерінің қорытынды бағасы 24-тен 28 балды қоса алғанға дейін құраса, онда әлеуетті өнім берушінің конкурстық баға ұсынысы шартты түрде 30% азаяды.)* сәйкес «JASTAR» дамыту орталығы» жастар қоғамдық бірлестігі **№85445157-ГС31 лоты бойынша** 30% жеңілдік алып, жеңімпаз атанатын болады.

«JASTAR» дамыту орталығы»
жастар қоғамдық бірлестігінің төрағасы **К. Муратбаев**
электронды қол қойылды